

Білім беру дағдысы: Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.

Бөлімі: Математика негіздері

ҰІӨ тақырыбы: « Кел,ойнайық балақан!»

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: Балаларға бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыруға үйрету. Бір немесе бірнеше бірдей затты табуға қанша? неше? сұрағына жауап беру қабілетін жетілдіру. Логикалық ойлауын дамыту. Шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Әдіс -тәсілдері: түсіндіру, көрсету, сұрақ- жауап, әңгімелеу, топқа бөлу, ойындар.

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:

Балалармен амандасу

Ғажайып сәт

- Бүгін бізге сиқырлы хат келіпті, сол хаттың ішін - де сендерге арналған тапсырмалар бар екен, балалар тапсырмаларды орындайсыңдар ма, дайынсыңдар ма?

Ендеше, бұл хатта математика елінен келіпті сендерге бірнеше ойын тапсырмалары бар екен. Орындаймыз ба?

**Қанша?**

**Мақсаты:** ойлауды дамыту.

**Мазмұны.** Тәрбиеші балаларды сұрақтарға жауап беруге шақырады:

- Екі есектің неше құйрығы бар?
- Бір иттің неше мұрны бар?
- Бір адамда неше құлақ бар?
- Үш баланың неше құлағы бар?
- Неше құлақ және үш кемпір бар? т.б.

**Санына қарай салыстырайық ойыны**

**Мақсаты:** Балаларға заттарды салыстыра білуге үйрету.

Ойын шарты:

Бастапқыда балаларға қай жерде ойыншықтың көптігін, ал қай жерде аздығын көзбен анықтауды ұсынамыз, яғни, үзіліссіз мөлшерлерді салыстыра бастаймыз.

Алғашқы мысалдардың жауаптары көзге көрініп тұруы қажет.





**Мақсаты:** геометриялық фигураларды екі қасиеті бойынша (түсі мен пішіні, өлшемі мен түсі, пішіні мен өлшемі) топтастыру қабілетін қалыптастыру, фигуралардың кезектесуіндегі қарапайым заңдылықтарды көру.


**Жабдық.** Еденде ұзын жіптер жатыр, оның үстінде солдан оңға қарай белгілі бір кезектесіп фигуралар орналасады: қызыл үшбұрыш, жасыл шеңбер, қызыл үшбұрыш сары домалақ және т.б.

**Ойын барысы:** Балалар шеңбер бойымен отырады, олардың алдында түрлі-түсті геометриялық фигуралар салынған қораптар тұр. Тәрбиеші моншақ жасауды ұсынады. Моншақтарды қандай фигуралардан құрастыруды шешті? Келесі моншақ қандай екенін тап". Балалар екі бірдей фигураны алып, оларды атайды да, моншақ жасай бастайды. Олар бұл фигураны не үшін орналастырғанын түсіндіреді. Тәрбиешінің басшылығымен қателіктер түзетіледі. Жіпке моншақтардың басын салады, ал балаларды жалғастыруға шақырады. Келесі фигура қандай болуы керек, неге деп сұрайды. Балалар геометриялық фигураларды тандап, берілген заңдылыққа сәйкес орналастырады

Қорытынды:

Балалар бүгінгі ойын іс әрекеті ұнады ма?

-Қандай математикалық ұғымдарды үйрендік? «ұзын-қысқа» «аз-көп» т.б жақсы белсендік танысып қатысқандарыңыз үшін мадақтаймын



**«Екпетал мектеп - балабақшасы»КММ**

**Тақырыбы: Ойнайық та, ойлайық!**

**Өткізген: Тәрбиеші Бисенғалиева Л**